



Жолдасова Ұ.

**«ҚАРА СӨЗБЕН ЖАЗЫЛҒАН
ӨЛЕҢ» ЖАНРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
20-ЖЫЛДАР ПРОЗАСЫНДА
КӨРІНУ ЖОЛДАРЫ**

В этой статье рассматривается жанр «стихотворение в прозе» и пути его проявления в прозе 20-х годов.

This article deals with the poems in prose and its appearance in the 20 th century prose.

Жүсіпбек прозасындағы лиризмнің бір қыры «ақындық проза» табиғатынан туатын «қара сөзбен жазылған өлең» (стихотворения в прозе) жанрынан да көрінеді. Әлемдік әдебиетте, оның ішінде орыс әдебиетінде де поэзия мен прозаның бір-біріне әсерінен туатын табиғи ауыс-түйістер негізінде жаңа жанрлық үлгілердің пайда болу мысалының мол болғанын ескерсек, ол жанрлық-құрылымдық ізденістердің өткен ғасырдың 20-шы жылдары қазақ әдебиетінде де көрініс бергенін байқаймыз. Мағжанның «Балапан қанат қақты», «Домбыра», Қошкөнің «Тұтқынның ойы», «Ерлік-жүректе», «Қазақ әйелдері», С.Сәдуақасовтың «Өрген», Жүсіпбектің «Жапырақтар» шығармасы лирикалық әуезі басым, оқырманын толғанысқа салып, автор әлеміне жақындататын ырғақты ой мен сезімге құрылған, поэтикалық элементтері мол қара сөз үлгілеріне дәлел болады.

Орыс әдебиетінің классик жазушысы И.С. Тургенев өмір бойы өлең жазуды тоқтатпаған, идеялық-жанрлық ізденіс жолындағы тәжірибелерін үздіксіз жүргізген талантты қаламгер. Тургенев өмірінің соңына таман «қара сөзбен жазылған өлең» («стихотворения в прозе») жанрында көп еңбектеніп, оның орыс әдебиетіндегі үздік шеберлерінің біріне айналды. Тургеневтің аталған жанрдағы шығармаларына өз кезінде «ақын жанының үні» деген баға да берілді. «Өлеңдегі» терең лиризм, эмоциялық баяндау, әрі көлемнің шағындығы оны лирикалық поэзия табиғатына жақындатты. Эмоциялық қуат, нысанаға алынған нақты бір сезім ағынының суреті жанрдың эпикалық қуатын әлсіреткенімен, есесіне оның бойындағы прозалық ырғақты күшейтті. Прозалық ырғақ шығарманың өн бойына біртұтас тыныс дарытты. Нәтижесінде, жанрдың эмоциялық-лирикалық мазмұнын қалыптастырушы ретінде прозалық ырғақ «қара сөзбен жазылған өлең» атты жанрлық синтездің тууына себепші болды. Бұл жанрдың қазақ әдебиетінде көрініс беруі еліктеп, үйрену негізінде туған дүние емес, керісінше ақын болмысты табиғаттан туған құбылыс екендігін байқаймыз.

Жүсіпбектің «Жапырақтар», «Жарасымды сүгіреттер», «Далада Наурыз» атты шығармалары «қара сөзбен жазылған өлең» жанрына жақын келеді. «Жапырақтар»- аллегорияға құрылған лирико-философиялық шығарма. Жазушы өмірдің тұспалданған жанды суретін метафора тәсілімен ашады. Метафора – дәстүрлі сөз мағынасының ұқсастық шарты негізінде жаңа



көркем мағынаға ие болуы. Романтизм теориясында өмірдің метафоралану тәсілі жиі қолданылатындығы, әрі оның ақын тілінде «жанданып» кететін қасиеті жайында айтады атақты поэзия теоретигі Жирмунский. Табиғаттың құпия сырына үңілген сайын ол жанды дүниеге айнала береді. Метафора- өмір шындығын поэтикалық тұрғыдан тануға ұмтылыстың белгісі. Осы тұрғыдан келгенде Жүсіпбектің «Жапырақтар» шығармасы өмірлік шындықтың метафорасы болып шықпақ.

Автор-кейіпкердің оқырманды «үнсіз диалогқа» шақырған сұраулары, авторлық толғаныстың әсерін арттыратын көркем тәсілдер, шығарманың өн бойындағы эмоциялық-лирикалық ырғақ, философиялық ой -бәрі қосылып, «Жапырақтар» шығармасының лирикалық қуатын күшейтіп тұр. Аталмыш жанрдағы Жүсіпбек ізденісі «прозамен жазатын ақын» деген С.Сәдуақасов пікірінің дәлдігіне мысал болмақ Лирикалық сазы басым миниатюраның эмоциялық әсерін күшейтіп тұрған тәсіл-автордың арнайы сұрау тастай отырып, оқырманды өз ойын бөлісетін «көрінбейтін» кейіпкерге айналдыруы. «Жапырақта» жан жоқ деп ойлайсыз ба? Оларда да жан бар... Жапырақсыз жаз бола ма? Жаз болмай, ел мәз бола ма?...» деп келетін автор толғанысы оқырман ойына да сәуле түсіріп, оны да өз әлеміне қарай біртабан жақындата түседі. Жапырақтар «өмірінің» жанды кейіпке енген бейнесі көз алдыңызға табиғат суретін ғана емес, өмірдің көркем образын да әкеліп, шығарма романтикасын күшейтеді. «... Қобдидай құнтіған аппақ қана үйлердің арасы алшақ-алшақ. Көшелер кең, ауыл маңы, көше бойы төселген бейне жасыл барқыт, ай жарық. Жұлдызды аспанды уыз қымыздың майда, ақшыл көбігіндей буалдыр, шарбы бұлттар перделеп тұр... Болар-болмас өкпек желдің лебі бар. Жапырақтар ай сәулесіне танадай жалтырап, жыбыр-жыбыр, жырт-жырт етіп ақырын ғана сыбдырлайды. Сыбдырламайды-ау, сыбырлайды, ол сыбырда өзінше сыр барға ұсайды...»[1, 145] деген үзіндіде өлең сөзге бергісіз лирикалық леп бар. Одан әрі жазушы жапырақтарды жанды дүниеге айналдыру үшін оның сыртқы кейіпін мінез әлеміне үңіледі. «Көбелектің қанатындай желбіреп, жыбыр-жыбыр, жырт-жырт етіп сыбдырлайды», «ағаштың өре басындағы, желдің өтіндегі жапырақтар ұрандасып үн қосқандай, кейде зуылдап, судырлайды. Кейде жалпылдап, қалбалақтап, ішін тартқандай болады... Ең төменгі бұтақтарға көз салсаң, жапырақтары арба астындағы шыбын қаққан бұзаудың құлағы тәрізденіп әрен-әрен, анда-санда бір селбендеп, қыбырлаған болады... Ағаштың ық жағындағы жапырақтар желге тұяғын да серіппейді, құлақтарын салптитып, салбыратып, қалғып тұрған іспетті... желпілде, жалпылда, суылда, дуылда, жасыл жапырақтар» [1, 145-146] дейді автор. Жазушы «жапырақ-ағаштың өкпесі», «жапырақ - ағаштың құлағы», «жапырақсыз ағаш-қу түбірі», «бар үмітін-жапырақта» деп келетін метафорлық тұжырымдары арқылы шығарманың сезімді ғана емес, ой қозғар қуатын күшейтеді. Автор «жапырақ» метафорасы арқылы адам мен оның тіршілігінің көркем бейнесін жасайды. Көркем метафора философиялық толғамға жетелейді

Жүсіпбек «Далада Наурыз» шығармасында ескі күндердегі наурыз келген шақтың қызығын сағынған қойшының толғанысы мен қазіргі өмірдің халін ойлап кейіген түйеші арасындағы диалогты ұсынады. Ал «Жарасымды сүгіреттер» атты шығармасында автор кейіпкердің өзімен диалог құра отырып, өзін - өзіне сынаатады. Автор кейіпкердің жан құбылысына куә адам ретінде сөйлейді. Мұнда адам жанының мың сан түрге еніп, үздіксіз құбылған суреті бар. «Мандатыңды мықтап алып, намаздыгер, ақшам кезінде қара жолмен сарлатып келе жатасың. Ә дегенше болмайды, байдікіне келіп түсе қаласың. Үйдегілер үрпий ата шығады. Жанды менсінбей, сіресіп келіп отырасың. Көңілін көкке серпеді. Қандай рақат!.. Әкең соқтырған арбадай-ақ шімірікпестен қойқандап барып арбаға отырасың... Қабағыңды түкситіп, қағазды оқыған боласың. Қолыңды қалтаңа салып тысқа шыққанда, босағадан сығалаған қорқақтар дүркірей жөнеледі. Жың етіп, айдыныңа сүйсініп бір қаласың. Қандай тамаша!.. Жылпос бикештер қаз мойындарды алдына саусылдатып қойып, тарсылдатып тығынын ашқанда исініп сала бересің...»[1, 148-150] деген жолдардан авторлық сынның өзгеше көркем үлгісі көрінеді. Жазушы тілі- суретке толы көркем тіл. Жүсіпбек ойды көріктеп, ажарландыратын тәсілдерді үлкен шеберлікпен қолданады. «Далада наурыз» шығармасындағы қойшының портреті «... далаға шыныққан, қошқыл тартқан қалың бет-аузы бұл адамның қойшы екенін айтпай танытады. Өңі ескіргенмен қойшының селдір шоқша сақалы, бытыранды түкті мұрты әлі күнгі қап-қара» [1, 158-159] деп суреттелсе, «Жарасымды сүгіреттердегі» мысқыл аралас көркем тілмен жасалған сурет тіпті өзгеше. «Кебеже қарын бәйбіше дастархан жайып...», «...ми палауды шеңгелдеп тұрып асайсын», «екі аяғы көктен келіп, серен етіп көшірін құлайды», «толғағы жеткен келіндей желбауға асылып, қақ ортада емізіктеп қара саба тұрады», «әлекедей жаланған мелитсе», «Еділ мен Жайықты аралап келгендей, аузын көпіріп, соғасын», «жаған жайлау, төбен қыстау», «... құйымшақтан нық тиген тегеурінді тізенін дүмпүй» [1, 148-150] секілді



авторлық сынмен астасқан мінез құбылысын ашатын суреттер Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», «Күнікейдін жазығы» шығармаларында да жиі кездеседі.

Аталмыш жанрдағы көркемдік ізденістерге тереңірек бойлау мақсатында Қошке Кемеңгерұлы мен Смағұл Сәдуақасұлы шығармашылығында кездесетін лирикалық әуені басым шағын туындыларға да тоқталуды жөн санадық. С.Сәдуақасовтың 2003 жылғы екі томдық шығармалар жинағы арқылы ғылыми айналымға енген «Өртен» шығармасын Д.Қамзабекұлы лирикалық шығарма деп бағалайды. «Онда сюжет немесе оқиға желісі жоқ. Әңгімеге жазушының отаны туралы тебіренісі, жерімен, елімен іштей сырласуы, мұңдасуы айна-қатесіз түскен» [2,17] дейді ғалым. «Өртен»- «қара сөзбен жазылған өлең» жанрына сай келетін лирикалық туынды. «Өртен» атауында поэтикалық- символикалық мағына бар. Шағын шығарманың үш бөлімінде үш түрлі сезім күйі мен «сары даланың» характері шығарманың поэзияға тән әсерлілігіне себепші болып тұр. Шығарманың алғашқы бөлімінде «сары даланың» статикалық қалыптағы суреті беріледі. «Жайылып жатқан жапан сары дала... Қараңғы түнде қалқыған, маужырап ұйқыға кеткен сенгір таулар... Ұйпаланған қаудан шөп...»[2, 226]. Екінші бөлімде қимылсыз жатқан сары даланың оятқысы автордың сұраулы, лепті эмоцияға толы сөздерінен оянғандай болған сары даланың көркем образы ашылады. «Күндер өтіп барады. Жылдар өтіп барады. Заман жүріп келеді. Қараңдап қазақ әлі жүр. Қарайып киіз үй әлі тұр... Ау, қазақтың баласы!.. Қараңдап неге жүре бересің?!.. Сұлаған сары дала оянбады. Қимылдай түсіп қайта жатты... Зор дауылдың екпіні ерікке ешкімді қоймады. Ыңыранып сары дала да оянды». Үшінші бөлімде сары даланың өзгерісіне сүйсінген, үміті ақталған автор қуанышы бар. «...Ұйпаланған қаудан шөптің орнына желкілдеген жас өртен өсті. Көкпенбек, жұп-жұмсақ, тап-таза, пәк, кіршіксіз жас өртен. Қалай сары дала енді көгермес екен?.. Өртен өсіп келеді!» [2, 227] дейді автор. Өртен- жаңалықтың, жас ұрпақтың, алдан жақсылық күткен халық үмітінің символы. С.Сәдуақасұлы жанрдың құрылымдық сипатына, яғни бөлімнен бөлімге өзгеріп отыратын сезім құбылысының жүйесі үмітке құрылған «лирикалық сюжет» жасайды. Қысқа ғұмырын әдебиет ісінен гөрі қайраткерлік салаға көбірек арнаған С.Сәдуақасұлының артында қалған көркем туындыларынан автордың қазақы болмысқа тән ақындық табиғатын, суреттен сезім тудыратын образды тілдің шебері екендігін де байқадық. Егер асыл сөздің жолына түссе, С.Сәдуақасұлының қазақ прозасындағы классикалық үлгілердің авторы болатындығына куә боларымыз анық еді.

Белгілі ғалым Д.Қамзабекұлы Қошке Кемеңгерұлының үш томдық шығармалар жинағының алғысөзінде «... Қ.Кемеңгерұлы жазушы ретінде тыңғылықты зерттелуі қажет. 20-жылдардағы оның әңгімелері көркемдік тұрғысынан қатарластарының біразының шығармасынан биік тұрғаны дау туғызбайды» [3, 29] деген пікір айтады. Өлең сөзді өміріне серік етіп өткен жазушы 20-жылдары бірнеше көркем әңгіме жазды. 1919-1928 жылдар аралығында жарық көрген шағын жанрдағы жазушы шығармаларын оқи отырып, жоғарыда айтылған пікірдің объективтілігіне көз жеткіздік. Жанр тұрғысынан келгенде, Қошкенің кейбір прозалық туындылары әңгіме жанрының талаптарынан гөрі «лирикалық миниатюраларға» немесе «қара сөзбен жазылған өлең» үлгісіне көбірек жақын келеді. Көлемі шағын шығармаларда оқиға емес, көңілдің толқынысын, жүректің сырын шертер, лирикалық тәсілдер мол.

Жазушы әңгімелерінен байқалған бір ерекшелік- автордың образға бай көркем тілі мен сезімнің жан толқынысының суретін берудегі шеберлігі. Қошке әңгімелерінің атауынан лирикалық, символдық реңк байқалады. «Тұтқынның ойы», «Ерлік-жүреkte», «Қанды толқында», «Отаршылдық ұсқындары» атты әңгімелелерінің атауында абстракциялы-образды сипат бар. Заман ағымынан туған әйел тағдырын ұлт болашағымен байланыстырған «Қазақ әйелдері» деген циклмен берілген әңгімелерінде лирикалық психологизмнің көріністері мен 20-шы жылдардағы прозадан байқалған ырғақты қара сөздің белгілері бар. «Тұтқынның ойы» атты алғашқы әңгімесінің «автор- лирикалық кейіпкер» тәсілінде жазылуы мен жазушының метафораға құрылған образды тілі шығарманың лирикалық табиғатының тереңдеуіне негіз болған. Тұтқын ойы өткен күнге сағыныш, бүгінгі халіне налыса да, үміт пен арманнан үміт үзбеген, эмоцияға бай ой ағымымен ашылады. Автор кейіпкердің жан толқынысына құрылған шағын шығармасында эмоциялық-экспрессиялық күй туғызатын тәсілдерді шебер қолдана білген. Шығарма көне түркі жазбаларындағы қаһарман қолбасшылардың биік рухты толғауын еске түсіреді. Автор тұтқын ойының көркем суретін жасайды. «... Ауыздан жалын шашқан, жалаңаш қолмен өткір қылыш жүзін қайырған ерліктің арқасында жер сілкіндіріп, көк тігіреткен ер едім, ұшы-қиыры жоқ сары дала, жасыл тоғай, асқар тау, дертке шипа мөлдір, салқын суға ие едім, байлық, бақыт, шаттық сарайында еркелік құрушы едім» [3, 233] деп басталатын алғашқы абзацтың өзінен ерліктің, «сары даланың» метафораланған образы мен кейіпкердің өткен күнді аңсаған шерлі күйін көреміз. Екінші абзацта тұтқын



трагедиясы поэзияға тән образды тәсіл арқылы ашылады. «...Талай жауға ажал дәмін татқызған, қайратты қамал бұзған батыр қол еркін сермеуге келмей, қысылып, бүгіліп, мықты, темір ауыр кісеннің уысынан шыға алмады» дейді лирикалық кейіпкер. Үшінші абзацта тұтқынның көңіліне үміт кіреді. Автор үмітін екіұшты табиғатын көп нүктемен береді. «Әне, жылтырап тар тесіктен ойнақшыған ақ сәулелер үйге кірді. Бұл- алтын күннің жер ұясынан көк аспанға көтерілген белгісі...» [3, 233] дейді жазушы.

Кейіпкер ойы- көркем. Тілдің ой көрінісі екендігіне сенсек, тұтқынның көркем тілі оның ақынжанды табиғатына дәлел. Тұтқын кейіпкердің көр абақтыға түсуіне себепші болған жау образын «іші – қанды мұз, сырты- жылы көлгір, хайуан мінезді, адам пернелі» деп бейнелейді жазушы. Шығармадан романтикалық пафосқа құрылған, метафораға бай лиризмді байқаймыз.

Тіл- әдебиеттің ілгері басып өскендігіне дәлел болар негізгі шарттарының бірі. Әдеби заңдылықтар мен көркем шығарма табиғаты, оны шығарушының шеберлігі жайлы әр кезеңде әркім мектептер, бағыттар, теориялар тууы мүмкін, алайда сөздің асыл болып қалуына негізгі себепші «сөз шумағы», яғни тіл (А.Байтұрсынов термині), оның «көрнекі лебіз» тудырар қасиеті болып қала бермек. А.Байтұрсыновтың тілімен айтқанда «шебердің сөзден жасаған» көркем дүниесінің асыл мұраға айналуына автордың «өн берілген көрнекі тілді адамның сана-саңлауына келіп түсерлік дәрежеге жеткізе» (А.Байтұрсынов) білетін шеберлігі негіз болмақ.

Қошке шығармаларында көрнекі лебізге мысал болар үлгілер мол. Жазушы- сөзден сурет туғызудың шебері. Табиғат психологиясы бірде кейіпкер көңілімен сырлас үйлесімде, кейде кейіпкер мұңына қарама-қарсы кейіпте, жан дарытыла, образды тілмен ашылады. Жазушы «Ерлік-жүректе» атты шығармасында басты кейіпкер мен оның жан серігіне айналған табиғат психологиясын поэзияға тән, метафораланған образды тілмен ашады. Бұл тәсіл, әрине, қазақ әдебиеті үшін жаналық емес екендігі белгілі. Алайда, жазушы лирикаға тән көркем тәсілдерді өте сәтті қолданып, прозаның ішкі жанрлық мүмкіндігін кеңейтеді. Жазушы прозасындағы психологизмнің көрінісі де ерекше. Әңгімеде кейіпкер мен орта психологиясы табиғат суреті арқылы ашылады. Табиғат автор әдейі жан бітірген оқиғаға қатысушы образға айналады.

Қошкетанушы ғалым Г.Ордаева «Қошкеге тән тағы бір ерекшелік- жансызға жан бітіріп бейнелі сөйлеу» [4,52] дейді. Жансызға жан бітіре суреттеу тәсілінің негізінде жазушының шеберлігін қозғайтын бірнеше себеп бой көрсетеді. Ол жалаң кейіптеу ғана емес, шығарманың сезім оятар көркемдігін, ұзаққа сермейтін құлашы мен көкжиек кеңістігін ұлғайтатын маңызды тәсілдердің бірі.

«Ерлік-жүректе» атты шығарма былай басталады: «1902 жылдың жазы. Арқаның ерке желі жылжып, өрден ылдифа құлағанда, торғындай толқыған салалы көк шалғын бұйраланып, жаңа түскен келіншек құсап тәжім еткендей. Марқа құлын жасырынғандай көкорай дариясында белуардан сүнгіп, шағаладай шаңқан үйлер арқасын күнге беріп, мүлгіп тұрды. Ақ меруерт көбіктен қанат жайып, арқаның кербез сұлуындай бұрандап, күн сәулесіне күлімдеп сылдыр қаққан бұлақтың мөлдір суы ауылды қуалай белдеулеп ағып жатты. Қара құрттай қаптаған қалың жылқы шан боратып, жер қайыстыра дүбірлетіп кең өріске қоңыр салқынды құшақтай бара жатты...» [3, 250]. Үзіндідегі «жорғадай жылжыған ерке жел, торғындай толқыған шалғын, көкорай дариясында белуардан сүнгіген үйлер, ақ меруерт көбіктен қанат жайған бұлақ суы, кең өріске қоңыр салқынды құшақтай бара жатқан қалың жылқы» т.б. сияқты образдар поэзия мен проза жанрлары арасындағы шекті ысырып, көркем ауыс-түйістер арқылы проза жанрының шеңберін кеңейтті. Қошке - ақын тілді жазушы. 20-шы жылдардағы көптеген классикалық шығармаларда қолданылған өрнекті оралымдарға бай, суретті баяндауға құрылған поэтикалық тәсіл прозаның эпикалық табиғатына лирикалық әуезділік дарытты. Төмендегі мысалдардан біз Кеменгерұлының психологиялық халді детальмен ашатын, сөзден сурет сала білетін, байқампаз ақын көңілін байқадық.

Жазушы шығармасындағы пеш астындағы оттың суретін «жылмандаған сиыр тіліндей қазанның қара күйесін жалаған жалыннан балық көзді ұшқын ұшып, көкке қолын сермейді», сүт ішкісі келген бала образын «өзімшілдіктің өрісіне кірмеген, қара тұрмыстың дәмін татпаған, қасқыр тартқан қозының құйрығындай жырымдалған көйлекті, қозы тостағанын, кетік қасығын даярлаған сәби», қотандағы қой образы- «қадым оқыған молдадай жақтарына дамыл берместен күйсеп жатқан қойлар» деп суреттесе, поэзияның сыршылдығын, прозаның лиризмін күшейтетін метафораланған табиғат суреті мінез құбылысымен астастырыла бейнеленеді. Мысалы, Қошке әңгімелерінде «қараңғылық тұманына тұншыға бастаған табиғат», «күн сәулесімен сүйіскен тау өзені құлашын сермеп ағуда», «аспанды торыған бұлттың саңылауынан жұлдыздар жылт-жылт етеді», «түн шырағы жұлдыздар таңнан қуғын



жеп, селдірей бастады», «ақтаңдақтың бетіне қан жүгіріп, тау шымылдығы көк мұнармен құшақтасып, алып қанатын жабыңқырап, күншығыстың бетін қызғылт-көгілдір жібекпен кестеледі», «көкке құлашын сермеген, карауытып қабақ түйген бұйра жалды кара адыр», «балдырған гүлдер емшек емген баладай күнге бауырын төсеп мастануда» деп, жалғаса беретін поэтикалық оралымдар Қошке шығармаларында өте мол кездеседі. Жазушының өлеңдері мен прозасын қатар оқығанда көңіл көзіне бірден байқалатын бір жай бар. Ол – Қошкенің бізге жеткен өлеңдерінен гөрі прозасының әлдеқайда көркемдігі. Бұдан жазушының кара сөзбен жазылған өлең жанрының шебері екендігі дәлелденбек.

Қ.Кемеңгерұлы әңгімелерінде Жүсіпбек прозасына тән ырғақты, поэзиялық шығармадай оқылатын, ұйқасқа құрылған өрнекті оралымдары назар аудартады. Егер шығармалардың жарық көрген жылдарына зер салар болсақ, Қошке туындыларының Жүсіпбектің «Ақбілек» пен «Күнікейдін жазығы» шығармаларынан сәл ертерек жазылғандығын байқаймыз. Жазушының «Қанды толқын» атты лирикалық әңгімесінде «Жаз жайлауда жүйрік жорға мініскен, кербез-керім киіскен, ойын-сауық іздескен сылқым сері жастардың ішінде желдей ескен Тынымжаны еске түседі» [3, 36], «Қазақ әйелдері» туындысында «Асқар белді, шалқар көлді, самал желді еркін ел- Сары арқа сайран еді. Күнде той, күнде сауық мейрам еді. Бірақ әйелі күн еді, әйелдің көрген күні түн еді. Бағасы мал еді, жүрегі қан еді. Сол кездегі әйелдердің қанды тұрмысы, торлы тұрмысы көшкен бұлттай, тоғысқан қойдай алдарыңнан өтеді. Ақ қағазды бояған жүректің тұңғыш сырын, ауыр мұңын, асау қарқынын, баяу толқынын, қан төккен зарын, азап шеккен арын суық ақыл ұғынбайды, ыстық жүрек ұғынады» [3, 257] деп келетін төгіліп тұрған өрнекті, ырғақты оралымдарда кара сөздің емес, өлең сөздің белгісі мол. Олай болса, Қошке де Жүсіпбек секілді «прозамен жазатын ақындар» қатарында саналмақ.

Лиризмнің психологиялық тәсілдермен өрілетін табиғатын негізге алар болсақ, Қошке әңгімелеріндегі қысқа да, нақты психологиялық халді беретін деталдарға тоқталу орынды болмақ. Жазушының «Қанды толқын» әңгімесі драматизмі ширыққан, психологиялық сипаты басым шығарма. Жан құбылысын динамикалық сипатта, психологиялық деталь тәсілімен нақты беруге шебер. «...Ала қайғымен Сарқынбайдың жүрегі қан болды. Басы дан болды, теректей бойы бүгілді, бурып сақалы ақ қырауға айналды, кәрілік әжімі тереңдеді» немесе «Толқынды қою кара шаш құйын соққандай коқырады. Мөлдір бота көзден нұр кетті, қаймақ ерін дүрдіп кара-күрен тартты» [3, 252-253] деп, елге келген қайғының сипатын жан арпалысынан шығатын сыртқы көрініс арқылы өте дәл береді. Кейіпкердің психологиясын дәл беру үшін теңеу тәсіліне де жиі жүгінеді. Өзіне жар етуді ойлаған Зәйкүлдің қашып кеткенін білген кездегі Қарабайдың халі «... тұтылған күндей қабағын түйіп, түндей тұнжырап, қан-сөлін ішіне тартып, күркіреген күндей екпінді дауыспен бұйрық берген әскер басы құсап... Қарабай қаңтардағы бурадай қалшылдап, кара өрттің түтініндей бұркылдап... Зәйраның төркініне бет алды» [3, 252] деп суреттеледі.

Қошке шығармалары 20-шы жылдардағы қазақ прозасындағы ізденістердің, яғни прозадағы лирикалық, психологиялық тәсілдердің қолдану шеберлігінің көрінісі ғана емес, ұлттық прозаның үздігі саналатын көп шығармаларға түрткі болған туындылар. Елінің ауыр халіне күйзелген Жаңатай кейіпкерге қатысты «жас жүрегі қаланшадағы қазақтың мұңымен күйленіп бірге толқындады» деген жолдағы автор позициясы Қошке прозасындағы лиризмнің, яғни автордың өз кейіпкерімен тұтасып кеткен, жүрек сөзін жазған табиғатынан туған ерекшелік.

Қорыта келгенде, жиырмасыншы жылдар прозасынан көрініс берген «қара сөзбен жазылған өлең» жанры ақындық дүниетанымнан бастау алатын лирикалық сипаты басым жанр ретінде әлі де зерттей түсуді қажет ететін синтетикалық жанр.

Әдебиеттер

1. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Ғылым, 1997. -272б.
2. Сәдуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш, 2003. -352 б.
3. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы/ Алғысөз. Д.Қамзабекұлы. – Алматы: Алаш, 2005. - 336б.
4. Ордаева Г.Ж. Қошке Кемеңгерұлының әдеби мұрасы. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 1995